

да дәлелдей түседі. Мемлекетіміздің алдына қойған басты міндеттері көп болғанымен құқықтық тәрбие кезек күттірмейтін мәселе, себебі ол мемлекет болашағының кепілі. Құқықтық тәрбие мектеп қабырғасынан бастап қолға алынып жас жеткіншектер құқықтың саяси-моральдық тұрғыдан басшылыққа алуы қажет. Құқықтық тәрбие - азаматтардың патриоттық сезімін қалыптастырудың негізі.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы.
2. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. - Алматы: Қазақстан, 1980.
3. Арыстамбаева С. Гносеология как парадигма правого общественного сознания // Евразийское сообщество: общество, политика, культура.- 2014 - № 2. - С. 26-46.
4. Еликбаев Н. Некоторые аспекты правосознания и правовой культуры в новых условиях // Фемида. — 2004. — № 8,9. — Б. 36–50.
5. Галиев Е. Мектептің отбасымен байланысы. // Тәрбие құралы. – 2003 - №6.
6. Назарбаев.Н. Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын індет. // Айқын. - 2008 - 7 қараша.

### **ЗАНДЫЛЫҚ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ (ТЕОРЕТИКАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУ)**

*Байназарова Т.С., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы  
Қаратай Б.Б., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты*

Мемлекет әртүрлі экономикалық, саяси, идеологиялық, ұйымдастық, құқықтық әдістері мен тәсілдері арқылы басқарылады. Осының ішінде заңдылық пен құқықтық тәртіп негізгі орынды алады, онсыз қоғам өмірі мен азаматтардың дұрыс өмір сүруі қамтамасыз етілмейді. Заңдылық адамдарды басқарудың ең ежелгі және өркениетті тәсілі. Қазір ол барлық демократиялық елдерде, әлемдік қоғамдастықта жалпы қабылданған. Ертеден бері келе жатқан заңгер ғалымдар және бүтіндей қоғамның назарына заң ғылымы мен тәжірибесінің көптеген мәселелерінің ішінде құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселесі ерекше орын алады. Қоғам, мемлекет, азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделері қоғам өмірінің негізгі тұстарында тұрақтылық пен реттілікті талап етіп тұр. ҚР –ның қазіргі кездегі дамуында нақты және қатаң қоғамдық, құқықтық тәртіп одан әрі ілгерілеудің жалғыз жолы болып тұр. Құқықтық мемлекет құру және оның өркениетті демократиялық дамуы онсыз мүмкін емес. Құқықтық тәртіп азаматтық қоғамның құқықтық негізін құрады. Оған оның барлық салалары негізделеді: әлеуметтік-мәдени, экономикалық және саяси. Сәйкесінше ол барлық мемлекеттік нақтылықтың құқықтық негізі болады» дей келе құқықтық тәртіп пен заңдылықтың өзектілігі айқындалады. Адамдар өмірінің маңызды жақтарының тұрақтылығы, тепе-теңділігі және өлшемділігі, кепілдігі және реттілігінің жағдайы құқықтық тәртіп пен заңдылықты зерттеудің өзектілігі болып тұр. Құқықтық тәртіп пен заңдылыққа деген көзқарастардың өзгеруімен және оның қалыптасуы мен қамтамасыз етілуімен сипатталады. Оның маңыздылығы ҚР Конституциясының 1 бабында айтылып кеткендей «Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық, унитарлы мемлекет» деп аталуында. [1]

Сонымен, заңдылық пен құқықтық тәртіп – құқықтың іс-тәжірибеде жүзеге асырылуы тұрғысынан алғанда оның құқықтық нақтылығының мазмұнын ашатын, заң ғылымының іргелі категориясы. Олар мемлекетпен, заң шығарушылықпен және сот төрелігімен бірге пайда болады.

Адамдар кез-келген қоғамдық қатынастарда құқықтық ойлау және түсініктері алуан түрлі болса, соған қарай құқықтық реттеу де әр түрлі үлгіде болады. Егер адамдар өткен құқыққа, қазіргі кездегі құқыққа және болашақтағы құқыққа деген көзқарастарын білдірсе, онда бұл қатынастар рациональды, ойға қонымды эмоцияға толы деңгейге көтеріледі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 12 бабының 5 тармақшасында айтылып кеткендей қоғамдық имандылыққа нұсқан келмеуде құқықтық тәртіп маңыздылығына көңіл бөлуімізді талап етеді. Біздің зерттеуіміздің объектісі қоғамдағы тәртіпті реттеп отыратын қоғамдық қатынастар болып табылады. Негізгі мақсат құқықтық тәртіптің ұғымы мен ерекше белгілерін түсіндіру болып табылады. Құқықтың тәртіп беру

баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, ел болашағы жастарымыздың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады.

Құқықтық тәртіп азаматтардың құқықтық ақпаратына ғана әкеп тіреуге болмайды. Бұл Конституция ережелері және қолданыстағы негізгі заңдар, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты өте терең үрдіс. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті – құқықты білу және түсіну, сонымен қоса, әрекеттің оларға сәйкес келуі. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықтық санамен тығыз байланыста, соған әкеп тірейді. Бірақ ол құқықтық санаға қарағанда кең, немесе өзіне оның психологиялық және идеологиялық элементтерін ғана емес, заңды мәні бар мінез-құлықтарды да қамтиды [2]. Н.Ә.Назарбаев "Қазақстан - 2050" стратегиялық бағдарламасында Отан қорғау мен оның қауіпсіздігіне ерекше мән бергені мәлім. Қарулы күштерінің бір тармағы ретінде ішкі әскердің де іргетасы қаланды. Ішкі әскер барлық қазақстандықтардың, қарапайым азаматтардың мүддесін қорғаушы - құқықтың тәртіп әскері [3]. Бұл мектеп, отбасы және қоғам жұртшылығының құқықтық тәртіп жұмысын жүргізудегі басты бағытының бірі –білім алушылар арасында заң тәртібін бұзушылықтың алдын алу шараларын жүргізуге кең жол ашып отыр. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәртіп беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау –ұзақ уақыт тәртіп жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Құқықтық қоғам демократиялық принциптерге сүйене отырып, әр адамның шығармашылық күштерін, ниетін, ойын, сезімі, ұмтылысын толық және еркін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Демократияны жетілдіру мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық негізін бекітуге тікелей тәуелді. Мемлекет және қоғам өмірінің құқықтық негізін бекіту процесі төмендегідей маңызды шараларды жүзеге асыруды қажет етеді. - заңдылықтарды үздіксіз жетілдіру; -заңның орындалуын бекіту; - қоғамдық тәртіп орнатуға әрбір азаматтың қатынасуы; Бұдан заңдылық пен құқықтық тәртіптің бекітілуіне қамқорлық тікелей мемлекет мойнында болу қажеттігі шығады. Адамның жалпы мәдениеті мен оның құқықтық мәдениетінің арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан да құқықтық тәртіпті адамгершілік тәртіпсіз теориясының құрамды бөлігі ретінде қарастырамыз. Қоғамдық қайта құру кезеңінде құқықтың мәдениетті қалыптастыру барысындағы кемшіліктерді жеңу орын алады. Құқық қоғам мен қоғамның өрбір мүшесінің бүкіл өмірін қамтып жатады. Құқықтық мәдениеті төмен дамыған адам тек заңның өрескел бұзылған жағдайында ғана оған зейін аударады да, құқықтық талаптарды мойындамаған көп жағдайларды байқамайды. Заңды білмеу-құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Бұл жерде білім алушы заң және құқықтық мәдениет ұғымын шатастырмау керек. Құқықтық мәдениет білім алушыдан жан-жақты құқықтық білімдерді талап етеді. Адамның құқықтық мәдениеті-күрделі психологиялық құбылыс.Бұл құбылыс қоғамның, мемлекеттің көптеген маңызды салаларында көрінеді. Ең бастысы адамгершілікті адам тұлғасының сапалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасайтын тәртіп құралдарының бірі - орынды тәртіп және мінез-құлық тәртіпсіздің жоғары деңгейінде болуы. Сонымен адамның құқықтық мәдениеті дегеніміз - орынды тәртіп пен мінез-құлық, жан-жақты құқықтың білімдерімен заңды құрметтеу, құқықты қорғау іс-әрекетінің терең бірлігі. Саналы тәртіп пен мінез-құлықтарды құқықтың мәдениеттің іргетасы деп қарасақ, ол көркемөнер мәдениетімен қатынастар, сезімдер деңгейінде тікелей байланысады. Құқықты құрметтеу, әділдікті, борышты, жауапкершілікті, заңдылықты, сезіну - адам тұлғасының жоғарыдан көрінуі. Жастарға құқықтық тәртіп беру - ол жастардың қоғамдық, саяси және мәдени жағынан өсіп- жетілуін, олардың санасында жоғары адамгершілік қағидаларының орнығуын, әлеуметтік белсенділігінің артуын және рухани жағынан бай, жан-жақты қалыптасуын көздейді, Құқықтық тәртіп жалпыға бірдей заңдылықты белгілі мақсатпен және принциппен жүргізуді көздейді. Оның заңдылықтары мен мәнін ұғыну үшін тек теорияға көңіл бөліп қана қоймай, оның саяси, еңбек, адамгершілік тәртіпмен бірлесе жүргізілуі қажеттіліктерін ескеру керек.

Құқықтық тәртіп адам өміріне тұлғалық құқықтық сананы сіңіре отырып мақсатқа бағытталған және ұйымдастырылған, жүйелі сана – сезімі қалыптастырады. Тәртіп сынағы өтіп, азаматтардың құқықтың мәдениетін жүйеге келтіреді. Құқықтық тәртіпті дұрыс ұйымдастыру үшін, ең алдымен, құқықтың тәртіптің не екенін түсінген абзал. Айта кету керек, «құқықтық тәртіп» деген ұғымның ортақ термині жоқ. Біреулер құқықтық тәртіп деп құқықтық білімді түсінеді және бұл білімді оқытуды қажет деп қалыптастырады. Басқалар құқықтық тәртіп – құқыққа, заңға деген құрмет, сонымен қатар құқықтық нормаларды орындаудағы дағды деп түсінеді. Үшіншілер құқықтық тәртіпте тәртіпшінің мақсатқа бағытталған іс – әрекетін болашақ ұрпақтың бойында белгілі бір көзқарасты, қажеттіліктер мен қызығушылықтарды, құнды бағдарлаулар мен тәртіптің қондырысын қалыптастырады. Сонда да құқықтық тәртіпті мазмұны құқықтық ағартушылық болатын тиімді және

жан- жақты процесс ретінде қарастырған жөн. Бірақ, тәртіпшінің құқық, заң, құқықтық іс-әрекет жөніндегі білімін байыту ғана емес, сонымен қатар құқықтық нормаларға сай адамның өзі-өзі жетілдіруге арналған, тәртіпленуші тұлғаның сана- сезіміне әсер ету. Құқықтық тәртіпнің маңызды құрамды бөлігі—құқыққа, заңға деген сый-құрметті қалыптастыруды, оның құндылығын және сөзсіз орындалуының қажеттілігін түсіндіреді. Құқықтық тәртіпнің бұл жағының құқықтық мемлекетті қалыптастыру мақсатындағы өзектілігі құқыққа деген сый-құрметтік қарым-қатынас әр адамның бойындағы құнды қондырғысы болуында. Сухомлинский жазғандай: «Тәртіп тек жас жүректерді жалынды сезімдер жаулаған кезде ғана адамның тудырған жаратылысына айналады». «Отаншылдық»—қоғамның және мемлекеттің барлық өмірдің саласындағы ең бір маңызды, құнды дүниесі, ол тұлғаның рухани жетістігі болып табылады, оның ең жоғарғы даму деңгейін және елі үшін белсенді іс-әрекетін іспен көрсетуде байқалады. Сөздің кең мағынасында құқықтық тәртіпнің әсерінен гөрі адамға қоршаған ортаның тәртіпсіз көбірек сол арқылы құқықтық қызмет атқарушы мемлекеттік органдар, лауазым иелері адамдарға құқықтық тәртіп беруге ұмтылмағанымен өзіндік әсері болады десек, сөздің тар мағынасында барлық қоғамды тұтастай ала отырып адамдардың құқықтық мәдениетін жоғарылатуға тікелей бағытталуын көрсетеді. Құқықтық тәртіп құқықтық білім берумен өте тығыз байланыста, яғни тәртіп білімсіз болмайды, ал білім беру міндетті түрде тәртіпке әсерін тиімді етеді. Бұл жерде әсер ету шеңберін бірнеше айырмашылықтар арқылы айта кеткен жөн, онда тәртіп- адамдардың эмоциональдық-еркін, ой-өрісін, дүниетанымдық және бағалайлушылығын көрсетсе, ал білім беру- адамға ақпараттық-танымдық мақсатта әсерін береді. Бұл құқықтық тәртіпнің қоғамдық санамен байланысын білдіреді. Құқықтық тәртіп дегеніміз мемлекеттік орган және қоғамдылықтың азаматтар мен лауазымды адамдардың құқықтық сана мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруды мақсат тұта отырып, бағыттаған қызметі. Құқықтық тәртіп – күрделі үрдіс, келесі құрамдас бөліктерден тұрады: тәртіп субъектілері (мемлекеттік органдар, мемлекеттік қызметкерлер, саясаткерлер, оқытушылар, журналистілер және т.б.); тәртіп объектілері (азаматтар, еңбек ұжымдары, әлеуметтік топтар және т.б.); тәртіп мазмұны (адамдардың заңды және саяси құндылықтарға, идеяларға, қағидаларға, ақпараттарға, тәжірибеге және т.б. қатынасының көрінісі); тәртіп әдістері (сендіру, марапаттау, жазалау және тәртіп объектілеріне әсер ететін басқа да психолого-педагогикалық тәсілдер); тәртіп үлгілері (формалары). құқықтық білім беру (мектепте, арнайы орта және жоғары оқу орындарында құқықтық білімді меңгеру); құқықтық үгіттеу (тұрғындар арасында теледидар, радио, басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық идеялар мен құқықтық талаптарды таратуды көздейді); заңды тәжірибе (алдымен құқыққолдану қызметі үрдісіне азаматтардың қатысуы арқылы заңды ақпараттар мен білімдерді таратуға ықпал етеді); өзіндік тәртіпке (құқықтық құбылыстарды өзі талдаумен, өзіндік оқумен, жеке дағдысымен байланысты); Құқықтық тәртіп азаматтардың құқықтық ақпаратына ғана әкеп тіреуге болмайды. Бұл Конституция ережелері және қолданыстағы негізгі заңдар, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты өте терең үрдіс. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті – құқықты білу және түсіну, сонымен қоса, әрекеттің оларға сәйкес келуі. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті құқықтық санамен тығыз байланыста, соған әкеп тірейді. Бірақ ол құқықтық санаға қарағанда кең, немесе өзіне оның психологиялық және идеологиялық элементтерін ғана емес, заңды мәні бар мінез-құлықтарды да қамтиды.[4,46]

Қоғам тәртіпке, заңдылыққа негізделіп, соған арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, қирайды, оның келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін реттейтін қағидалардың, есерімен орнатылады. Қоғамдағы барлық қарым-қатынасты құқықтық реттеу өте күрделі; ол көп салалы, көп жүйелі процесс, Құқықтық басқарудың екі күрделі бағыты: құқықтың қоғамдағы қатынастарға тигізетін әсері, ықпалы және құқықтық реттеудің, басқарудың рөлі. Бұл екі процесті қосып айтқанда - қатынасты құқықтық реттеудің, басқарудың механизмі дейді. Қоғамдағы қатынасты құқықтық реттеу механизмі құрылымының элементтері: құқықтық норма, құқықтық қатынас және заңды құқық пен міндеттің орындалуы туралы акті.

1). Құқықтық норма - арқылы қоғамдағы заңдылықтың, тәртіптің талабы, мазмұны, шеңбері, мүдде-мақсаты анықталады; олардың орындалу бағыттары, жолдары, тәсілдері көрсетіледі. Егер дұрыс орындалмаса, жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі.

2). Құқықтық қатынас арқылы субъектілердің арабайланысын мүдде-мақсатын, құқық пен міндеттерін анықтап, біліп отырады. Ол мүдде-мақсаттарды қандай нормативтік актілер арқылы іске асырады; қатынастың басталуы мен аяқталуы көрсетіледі.

3). Заңды құқық пен міндеттің орындалуы туралы актіде қатынастың толық орындалып, аяқталуы; мүдде-мақсаттың екі жақты іске асуы; дұрыс орындалмаса себептері көрсетіледі, оны

түзеу, орындау жолдары анықталады. Осы үш элементтерге сәйкес қатынасты реттеу механизмі үш кезеңге бөлінеді: қатынастың басталуы, ол қатынасты реттеу үшін жаңа норманың өмірге келуі, субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің орындалуы. Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу механизмінің жақсы сапалы жұмыс атқару үшін субъектілердің рухани сана-сезімі, құқықтық білімі, мамандық тәжірибесі жоғары дәрежеде болуы керек. Мемлекет осы мәселелерге зор көңіл бөледі. Себебі бұл механизмнің алдында тұрған мақсат қоғамдағы ең күрделі, аса жауапты мүдде-мақсат - ол нормативтік актілердің дұрыс, уақытында орындалуын қамтамасыз ету.

Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу механизмінің жақсы сапалы жұмыс атқару үшін субъектілердің рухани сана-сезімі, құқықтық білімі, мамандық тәжірибесі жоғары дәрежеде болуы керек. Мемлекет осы мәселелерге зор көңіл бөледі. Себебі бұл механизмнің алдында тұрған мақсат қоғамдағы ең күрделі, аса жауапты мүдде-мақсат - ол нормативтік актілердің дұрыс, уақытында орындалуын қамтамасыз ету. Сол арқылы халықтың бостандығын, теңдігін дұрыс дамыту, қоғамда әділеттікті, демократияны орнату, құқықтық мемлекетті қалыптастыру. Сонымен, қатынасты құқықтық реттеу механизмі дегеніміз - субъектілердің арақатынасын нормативтік актілер арқылы реттеп, басқарып іске асыру бағыты, әдісі, тәсілі. Бұл заңды жүйе, заңды механизм. Қоғамдағы қатынасты құқықтық реттеудің жақсы дамуы мемлекеттің, бірлестіктердің, саяси ұйымдардың, дұрыс әділетті жұмыс жасауының сипаттамасы; халықтың бостандығы, теңдігі дамып, жеке адамның, қоғамның мүдде-мақсаттары бірігіп қалыптасуының сипаттамасы. Заңдылық дегеніміз-мемлекеттің конституциясын, парламенттің қабылдаған заңдарын, президенттің заң күші бар жарлықтарын қатаң бақылап, оларға нышан келтіруге жол бермеу. Заңға тәуелді актілерді бақылау заңдылыққа жатпайды. Заңдылықтың мазмұны үш элементтен құрылады.

1. Қоғамда әділ заң саясаты болу керек. Сол арқылы мемлекеттің заңдары бостандықты, теңдікті, адамгершілікті, инабаттылықты, парасаттылықты т.б. жақсылықты қорғау керек; мемлекет пен азаматтардың арақатынасын дұрыс басқару.

2. Конституцияның, заңның мазмұнын толық іске асыру, дұрыс орындау. "Сөз бен іс бір жерден" шығу керек.

3. Конституция мен заңды халықаралық құқықтың принциптерін қатаң қорғау, оларға нұқсан келтіруге жол бермеу. Міне осы элементтер іс жүзінде бірігіп, қалыптасса, қоғамда заңдылық. [5,43]

Құқықтың пайда болуы мемлекеттің пайда болуымен тікелей байланысты. Мемлекет тарапынан бақылауға алынған, нормативтік актілерде нақтыланған, орындалу тетігі қалыптастырылған жиынтық болғандықтан, құқық ережелерін сақтау мемлекеттің барлық азаматтары үшін міндетті болып табылады. Құқық дегеніміз- мемлекет тарапынан заңдастырылған және қадағаланатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі.

Құқық негіздеріне мемлекеттің басты негізгі заңы- Конституциясы, салалық заңдары және басқа құқық нормалары тұжырымдалған мемлекеттік нормативтік актілер жатады.

Құқықтың ерекшелігі- оның нормалары бұзылған жағдайда кінәлінің заңды жауапқа тартылатынында. Ал моральдық тәртіпті бұзғаны үшін адам заңды жауапкершілікке тартылмайды, бірақ көпшіліктің жазғыруына душар болады, айналасына жағымсыз пікір туғызады.

Құқықтық нормалардың жиынтығы ретіндегі құқық қоғам өмірінде маңызды рөл атқара отырып, өмірдің қай саласында болса да адамдар арасындағы қатынастарда реттілік орнатуға бағытталады. Құқықтық жүйе мемлекеттік құрылысты, қалыптасқан экономикалық қатынастарды, мемлекеттік және жекеменшікті қорғау мақсатын көздейді. Құқықтық тәртіпті қорғау үшін, заңды бұзушыларды жауапқа тартатын арнаулы органдар – полиция, сот, прокуратура, әскер құрылған. Құқық- мемлекет тағайындаған және мемлекетте әрекет ететін құқық нормаларының жүйесі. Мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілер қабылдау құқығы берілген.

Құқық жүйесінде заңдар ерекше орын алады. Заңға мемлекеттік биліктің жоғары органы- парламент қабылдаған нормативтік-құқықтық актілер жатады. Заң – ең жоғары юрисдикциялық күш. Заңдар адамның құқықтық мәртебесін анықтайды. Көпшілік биліктің қалыптасу кезінде пайда болуы және алғашқы құқықтық ескерткіштердің көрінуінде, заңдылық қазіргі мемлекеттің бір анықтаушылық белгісінің біріне айналды.

Заңдылық – құқықтық өмірдің субъектілерімен заң нормаларын бұлжытпай іске асырудағы қатаң талаптары.

Қорытындылай келе, заңдылық пен құқықтық тәртіп – жеке тұлғаның қалыптасуына, оның жан-жақты толыққанды дамуын қамтамасыз ету. Бұл міндеттер оң шешімін табу үшін жеке адамның дамуы қалай өтетінін және қалыптасуына қандай жағдайлар ықпал ететінін білу қажет. Құқықтық білімнің жастардың санасын қалыптастырудағы орны ерекше. Сондықтан да олар құқықтық ақпараттармен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет. Осыдан келіп заңдылықты сезіну құқықтық

мәдениеттің құрамы екендігін түсіну қиын емес. Қазіргі кезеңде қоғамның бірте-бірте демократиялық дамуы жалпы білім беретін орта мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында да оқытушылар қауымынан құқықтық тәртіп зор шеберлікпен, шығармашылықпен іске асыруды талап етеді. Құқықтың тәртіпті заман талаптарына сай жүргізу үшін ең алдымен сынып жетекшілерінің және мектептердің озық тәжірибесін терең зерттеп, нәтижесін оқу және тәртіп жұмыстарында ұтымды, жинақты етіп пайдаланып, оңтайлы формалар, әдістер мен тәсілдерді іздестіру қажет. Қорыта келгенде заңдылық пен құқықтық тәртіп-бұл әлемдік және ұлттық құқықтық мәдениеттің құндылығын көрсететін құқықтық идеяларды қалыптастыруға бағытталған қағидалар мен нормалардың жүйесі. Құқықтық тәртіптің мақсаты жоғарғы құқықтық мәдениет ретінде қарастырылатын жеке тұлғаның бойында әлеуметтік міндеттермен нақтылана түсетін, қажетті құқықтық тәртіп пен құқықтық сана және құқықтық білім арқылы қамтамасыз етілген сапалы тұрақтанған қасиеттер мен әдетке айналатын тәртіпті жетілдіру болып табылады. Мемлекет заңдарына деген жоғары жауапкершілік пен құрметті қалыптастыру да құқықтық тәртіптің басты бағыттарының бір тармағы. Құқықтық тәртіп пен құқықтық жігерлі сана алдымен отбасынан басталады. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәртіпті одан әрі жетілдіру қажет. Құқықтық тәртіп азаматтық қоғамның құқықтық негізін құрады. Сондай-ақ, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуының негізі де осы құқықтық білім беру мен құқықтық тәртіптің механизмін ұтымды ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы шеберліктен басталады. Ол өз кезегінде мемлекетіміздің ірге тасының беріктігі үшін өте маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.
2. Агдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы – Алматы: Жеті жарғы 2003, 320-б.
- 3.«Қазақстан – 2050» Стратегиясы. 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауы.[http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs)
- 4.Ибраева А.С. Құқықтық мемлекеттегі адамның құқықтары мен бостандықтарының абсолюттігі // Тураби.2009. №6-Б-46
5. Қарасартов М. Заңдылық-заман талабы. Заң және заман-2009. -№10.Б.43

## **РУХАНИ ДАМУДЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ – БИЛЕР СОТЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

*Баржаксина Г.Е., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің 2 курс магистранты*

Мақалада Ұлт санасы жаңғырып, рухы серпілуі үшін ұлы би-шешендеріміздің даналыққа толы сөздерін, әділ шешім-төреліктерін және тарихи тағлымдамаларды терең зерделеу арқылы, ұлт тарихын, салт-дәстүрін ерекше құрмет тұтатын, елдің мүддесін биік ұстайтын, отаншыл ұрпақтың ұлағатты тәрбие алатыны жайлы жарияланады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде Қазақстандықтардың біртұтас ұлттық идеяға топтасып, береке-бірлігі жарасым тапқан, ырыс-ынтымағы ұйыған, ризығы тасыған тұғырлы мемлекет болуы мәңгілік елдің кепілі екені атап көрсетілді. Осы еңбегі арқылы Мемлекет басшысы бүкіл Қазақстандықтарды біртұтас елдік мақсатқа бағыт алуға үндеді.

«Қазақтың билер сотының дамуы мен құрылу тарихын зерттеу, мәдени және құқықтық тарихи мұраны сақтау, жастардың бойында мемлекет және құқық тарихына деген патриоттық сезімді қалыптастыру өз жалғасын табуы тиіс. Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық сананы жаңартып, рухани жаңғыруда ұлттық сана, ұшқыр ой, білім, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм және ұлттық бірегейлікті сақтап, таяу жылдардағы міндеттерді бекіткенін атап өтті. «Қазақтың билер сотын ұлттық құндылықтар ретінде танып, халық арасында кеңінен насихаттау қажеттілігін атаған болатын атап өтті.